

Акселеудің 60 жылдық мерейтойына

Мақтанамын бәйтерек досым шынар,
Көкірегімнен ақ ниет жосылсын ал.
Бірге өскен балалық шақ қапты-ау артта,
Елестейді ішінен жасыл мұнар.

Акселеу, сағынышпен лапылдаған,
Жаңаарқаң сәлем айтып жатыр саған.

Шаң жұкпас шашасына құлагерім,
Өмірін кешіп жүрсің саналы ердің.
Саржайлау, саумал самал Сарыарқаның
Сары уыз сағынышын ала келдім.

Ел-жұрттың ақ батасы арманда бір,
Барлығы ыстық сәлем жолдап жатыр.

Жас болдық, гүлжелек боп желкілдедік,
Еңбекшіл ең табанды сертің берік.
Бір ұзын, бір қысқа боп сайрандаушы ек,
Штепсель, Тарапуньке секілденіп.

Ақтаудың шындарында шаңкылдаған,
Қырандар сәлем айтып жатыр саған.

Жазушы, профессор, сазгер болдың,
Халқыңның шежіресін зерделедің.
Зерттедің көне мұра хикаясын,
Доп басып сыршыл тарих пернелерін.

Зиялы қауым сені мақұлдаған,
Жан досым, сәлем айтып

жатыр саған.

Нұр жауды жаратқаннан талабына,
Артында алты кыр тұр, қарадың ба?!
Зымыран жыл қалайша зуылдаған,
Алпысқа кеп қапсың-ау, о, дариға!

Акку-каз сұлу көлде қаңкылдаған,
Сырнайлатып сыр жолдап жатыр

саған.

Достым-ау, ғылым тілін таба білген,
Тойыңа келдім игі хабарыңмен.
Бала-шағаң аман боп, жасай бергін,
Қоса ағарып бәйбішең Оралыңмен.

Байғозыдай бабаңның болған батыр,
Ұрпақтары құттықтау жолдап жатыр.

Қаламың не бір сырды кестеледі,
Игілік пен ізгілік көксегені.

Алпысыңа тағы алпыс жалғасқай да,
Ардақты қазағымның Акселеуі!

Бата алған жалпақ елден парталасым,
Ниеті қабыл болсын алты алаштың!

Әмин!!!

Төрт тағандар

Түбіне сұм дүниенің жетеміз деп,
Жалғанды шайқап-теңсеп өтеміз деп.
Аяқты олқы-толқы басып жүрміз,
Тәңір өзің кеше гөр, катеміз көп.

Төмендетпе, екен деп әйел адам,
Аяулы жар, ару қыз, әйел - анаң.
Әуелде ол бәрімізді пәк қып туған,
Келе-келе шығады жаман адам.

Жастықта аузым дәмі жүзім еді,
Шау тартып, кермек татып тұзы келді.
Өкінішті-ақ, қайтейін қағида сол,
Тот басқанда шынжыр да үзіледі.

Өмір-өзен толықсып ағып жатыр,
Бақыттылар Иранның бағында жүр.
Бақытсыздар көзінен сорасы ағып,
Сол сордан құтылудың қамында жүр.

Мен өзім аузымды ашсам сара жырмын,
Әкеден екеу едік, дара жүрмін...
Бала Еркін, жігіт Еркін шал болған соң,
Екенін фәни жалған - жаңа білдім.

Ешкімге мәлім емес хақтың сыры,
Қурамай тұрмас ешбір бактың гүлі.
Өзіңе "өйт те бұйт" деп айта бермей,
Бізге бір аян берші Мақтымқұлы.

Ешкімге мынау жалған қылмас аян,
Тек ұлылар өлмесі әлемге аян.
Шарап шайқап, сұлуды көп құшыпсың,
Маған да сөйт дейсің бе Омар Хаям?!

Ұлылығың жүрегін дүрсілінен,
Ей, Абай, ой-арнаң тең күн шығумен.
Мен қайтпекпін, әкесі аға сұлтан
Дүниеден сен өткенде күрсінуген.

Денсаулық сылтау іздер тымауратып,
Өмірдің күзі келді қыраулатып.
Алланың ақ бұйрығы шыға қоймай,
Өзірейіл әр қылтадан жүр-ау бағып.

Жер шары доп-домалақ жер кіндігі,
Аспан зеңгір, алайда жоқ түңлігі.
Пенделер мекендеген екі арасын,
Жұмақ кылып жаусайшы хақтың нұры.

Білемін бақ-дәулетте қызық барын,
Алайда сол шіркінге қызықпадым.
Құдайдың құдыретіне таң қаламын,
Желкілдетіп қояды бұзықтарын.

Еркін ИГЕНБЕРЛИН.